

*М.О. Жұмағұлов \**

*«Әлеуметтану» мамандығының 3 курс докторанты  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

### **ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАҚ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ РӨЛІ**

*Аңдатпа*

Ұсынылып отырған мақалада автор бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің жастардың құқықтық мәдениетіне ықпал ету формаларының мазмұны мен бағыттары сипатталады. БАҚ пен әлеуметтік желілер қазіргі заманның ақпарат тасымалдаушы болып табылатындықтан, олардың құқықтық білім, құқықтық тәрбие, құқықтық насихат таратудағы ролін анықтауда ғылыми еңбектер мен өзіндік сараптамалық көзқарастар ұсынылды.

**Түйін сөздер:** бұқаралық ақпарат құралдары, құқықтық мәдениет, құқықтық білім, құқықтық тәрбие, құқықтық насихат.

*Жұмағұлов М.О. \**

*докторант 3 курса по специальности «Социология»  
Казахский национальный педагогический университет им. Абая  
г. Алматы, Казахстан*

### **РОЛЬ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ И СОЦИАЛЬНОЙ СЕТИ В ФОРМИРОВАНИИ ПРАВОСОЗНАНИЯ МОЛОДЕЖИ**

*Аннотация*

В предлагаемой статье автор описывает содержание и направления форм влияния средств массовой информации и социальных сетей на правовую культуру молодежи. В связи с тем, что СМИ и социальные сети являются носителями современной информации, были представлены научные труды и собственные экспертные подходы в определении их роли в распространении правовых знаний, правового воспитания, правовой пропаганды.

**Ключевые слова:** средства массовой информации, правовая культура, правовое образование, правовое воспитание, правовая пропаганда.

*M.O. Zhumagulov \**

*3 year doctoral candidate in the specialty "Sociology"  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
Almaty, Kazakhstan*

### **THE ROLE OF MASS MEDIA AND SOCIAL NETWORKS IN THE FORMATION OF LEGAL AWARENESS OF YOUNG PEOPLE**

*Abstract*

In the proposed article, the author describes the content and directions of the forms of influence of mass media and social networks on the legal culture of young people. Due to the fact that the media and social networks are carriers of modern information, scientific works and their own expert approaches were presented in determining their role in the dissemination of legal knowledge, legal education, legal propaganda.

**Keywords:** mass media, legal culture, legal education, legal education, legal propaganda.

## **Кіріспе**

Құқықтық сананы қалыптастыру ісіндегі бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің рөлі тек ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар қоғам ішінде де қызу пікірталас тудыратын тың маңызды және өзекті тақырып болып табылады. Ғылыми жұмыс тақырыбынан көрініп тұрғандай, мәселе БАҚ-тың қазіргі кейпі, құрылымы, қоғамдағы рөлі, әлеуметтік желілердің таралу ауқымы, негізгі контенті, заң аясында бақылануы, меншік нысаны және ғылыми тұрғыда зерттелуіне арналады.

Бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде теледидар, радио, газеттер адамдарға, әсіресе жас ұрпаққа үлкен әсер етеді. Ол өскелең ұрпақтың пікірі мен ұстанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта жас ұрпаққа бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде әлеуметтік желілер негізгі ақпарат тасымалдаушы құрал. Жастар бұқаралық ақпарат құралдарына еліктейді және олар жастардың киінуіне, сөйлеу мәнеріне немесе мінез-құлқына әсер етеді.

БАҚ және әлеуметтік желілер жаңа білім алуда таптырмас құрал. Пандемия уақытында бүкіл әлем жастары негізгі білімді онлайн форматта БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы алып отырды. Ғаламтор арқылы жас ұрпақтың әділдік туралы пікірі қалыптасады. Дұрыс сарындағы бағдарламалар жастардың волонтерлік ішкі талпынысын оятады, Отандық арналардағы жобалар балаларды хайуанаттарға жанашырлық білдіруді, кітапхана мен мұражайға барудың пайдасын, әлсіздерге немесе мұқтаждарға қолдау көрсетуді үйретеді. Заң туралы нақты білімі жоқ жастар үшін теледидар мен ғаламтор үлкен өмірге алғашқы қадам. Жастардың оқыту дағдыларын жақсарту үшін арналарда адам құқығы мен міндеттері туралы бейне роликтер мен арнайы даярланған бағдарламалар ұсыну қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілерді жастардың әлеуметтенуі мен заңға бағынушылық ұстанымын дамытуында, ойлау қабілеттерін дамытуға көмектесуде пайдалануға болады. Мемлекет теледидар, газет-журналдар, ғаламтор мүмкіндіктерін ұтымды пайдалан алса, онда ол оқу мен дамудың үлкен оң әлеуетіне ие болуы мүмкін.

### **Гипотеза 1**

Мақаланың негізгі гипотезасы БАҚ пен әлеуметтік желілердің заңға бағынушылық мінез-құлықты қалыптастырудағы негізгі күш екендігіне қарамастан мемлекет пен қоғам тарапынан толыққанды қолданылмауы. Теориялық тұрғыда бұл мәселені зерттеумен айналысқан авторлардың осындай шешімге келу негіздемесі беріледі.

### **Гипотеза 2**

БАҚ пен әлеуметтік желілердің заңмен байланысы және әсері, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен жариялау саласындағы орны мен ролі. Бұқаралық ақпарат құралдарының заңға бағынушылық мінез-құлқыны қалыптастыруға назарын аудару және моральдық-этикалық тәрбие беруде әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны. БАҚ пен әлеуметтік желілер жастардың мінез-құлқына әсер ететін басты сыртқы фактор.

### **Әдіснама.**

Қойылған мақсаттарға жету жолында шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріндегі эмпирикалық жолмен дәлелденген пікірлері, диссертация қорытындылары, отандық баспа беттеріндегі тақырып аясындағы сұхбаттар және жеке тұжырымдар алынды. Шетелдік БАҚ және әлеуметтік желілердің отандық аналогтармен салыстырмалы түрде зерделенуі демократияны орнатудағы түрлі бағыттар мен әдістерді тану үшін қажет болды. Демократияның таралуының негізгі көрсеткіштері елдегі құқықтық тәрбиенің шынайылығы мен тереңдігін айқындайды.

### **Нәтижелер.**

Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдары біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бұқаралық ақпарат құралдары тек ақпарат пен ойын-сауық көздері ғана емес, олар сонымен бірге байланыс құралы. Мұхиттар мен тауларға қарамастан біз басқа адамдармен байланыс орнатамыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану көп бос уақытты қажет ететіндіктен, олардың негізгі көрермендері жастар мен зейнетке шыққан азаматтар. Күнделікті өмірде масс медианы дәстүрлі және балама деп бөлуге болады. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына кітаптар, баспасөз, радио, теледидар кіреді, ал балама бұқаралық ақпарат құралдарына спутниктік және кабельдік теледидар, мультимедиялық компьютерлер, сонымен қатар әлеуметтік желілер кіреді.

Ғаламтор мен теледидар алдында көп уақыт өткізетін жастар өздерінің оларға қатысты тәуелділігін аңғармайды. Баланың күнделікті өміріне енген БАҚ құралдары олардың қызығушылықтарының кең ауқымын қамтиды. Сондықтан, ғаламтор мен теледидар балалардың күнделікті өміріне енген. Теледидарлық бағдарламалар өте тартымды және бір уақытта бірнеше сезім мүшелеріне әсер етеді.

Теледидар мен ғаламтор арасында бәсекелестік бар болғанымен екеуі де қоғамның пікірі бойынша жастар психикасына кері әсер тигізеді.

Фильмдер көру, музыка тыңдау, компьютерлік ойындар ойнау жастардың санасына көбіне теріс әсерімен белгілі. Себебі, теледидар мен әлеуметтік желілердегі бар контент жастардың ой-санасының ширығуын қажет етпейді. Әлеуметтік желілер жастардың көп уақытын алады. Бос уақытты ұтымды пайдаланудың басқа көздеріне қарағанда жастар көбіне қарым-қатынасты электронды құрылғылар арқылу жүргізуді таңдайды.

Жоғарыда айтылғандай, БАҚ және әлеуметтік желілер жастарға екі жақты әсер етеді. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары жастарға теріс әсер етуі мүмкін. Жастар бұқаралық ақпарат құралдарына тәуелді болады да, жақсы мен жаманның айырмасын анықтауда өзіндік шешімдер орнатады. Теледидар насихаттайтын қылмыстық өмір мен жеңіл олжа жастардың заңды елемеуіне әкелуі мүмкін. Мінез-құлықтың өзгеруі, соның ішінде агрессивті мінез-құлықты насихаттау жастардың девианттылығын өршітеді. Ғаламторға тәуелділік жастардың басқа адамдармен тірі қарым-қатынас орнатуда қиыншылықтар туғызады.

Әлеуметтік желілердегі бар трендтер жастарды жалқаулыққа бой алдыруға, үлкендерге құрмет көрсетуді ескі дәстүр ретінде қабылдауға, басқа адамдардың өміріне қызығушылықпен қарап, оның шынайылыққа жанаспайтындығына көз жеткізе алмауына, әділдік орнатуда заң үстемдігін емес көше заңдарының артықшылығын таңдауға итермелейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары жастардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетіне терең әсер етеді. ХХІ ғасырдың төртінші билігіне айналған ақпаратты жеткізудің ғаламторлық әдісі білім мен ғылымның дамуына үлкен серпін берді. Кеңес үкіметінің өмір сүруін тоқтатумен қатар келген жаһандану үдерісі әлі қатаймаған бұрынғы одақ халқының санасына батыстық идеологияны енгізумен болды. Қазіргі жастар сол Кеңес билігі құлаған заманда өмір сүрген азаматтардың ұрпақтары болғандықтан, олардың тәрбиесінде Тәуелсіздік идеяларымен ұласқан патриоттық негіз бар болғанымен, демократияны дамыту саласында әлдеқайда алға ұмтылған елдердің ұрандары мен талаптары да бар. Өмірдің жаңа сапалы кезеңіне аяқ басқан Қазақстан экономикасы әлеуметтік салада сондай жеңістер байқата алмады. Саяси аренада өзін көрсетуге ұмтылған билік өкілдерінің ішкі әлеуметтік ортада тиімділігі байқалмады.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңында: «бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны» [1], деп анықталған.

Бұқаралық ақпарат құралдары екі ғасыр бойы қоғамның пікірін қалыптастыруда. Олар адамдардың күнделікті әлеуметтік өміріне, экономикалық, мәдени, саяси және басқа да маңызды сұрақтарды шолуға қатысады. БАҚ өкілдері өздерінің көзқарасына сай шындықты қабылдау бағытында мықты жұмыс жүргізеді. Қоғамның бір бөлігі болып табылатындықтан олар технологиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жетістіктерді қалған қоғам мүшелеріне жеткізумен айналысады.

Жастардың әлеуметтік желілер мен БАҚ көздерін білімнің бұлағы ретінде қабылдауының теріс жағын қарастыруды кейінгі ғылыми жұмыс тақырыбына қалдырдық. Негізгі мақсат БАҚ пен әлеуметтік желілердің (бұдан әрмен ӘЖ) жастардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау арқылы құқықтық санасына оң ықпал ету жұмысын ашу.

Жастардың жаңа ақпараттық заманда заманауи технологияларды қолдану арқылы бұған дейін көрмеген елдердің мәдениеті, тілі мен материалдық жетістіктерімен танысуы болашақ алдында даму перспективаларын ашуда. «Жастардың қажеттіліктері оны бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінуге мәжбүр етеді. Бұл:

- сыртқы әлеммен ақпараттық байланыс қажеттілігі;
- ақпараттың тұрақты ағымы, ойын-сауыққа деген қажеттілік;
- белгілі бір дәрежеде оған ұқсас, бірақ оған толық сәйкес келмейтін, аландату қажеттілігі (күнделікті істерден және қоршаған өмірдің күнделікті өмірінен кету) [2, 96 б.].

БАҚ пен ӘЖ демократияның күзетшісі және заңның белсенді сыншысы болды. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу жолында олардың ролі ерекше. Хабардарлықты арттыру мен қажетті хабарларды арналар бетінде және әлеуметтік желілер парақшаларында ұсыну бұл жұмыстың бастамасы ғана.

Бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың көзқарасы мен мінез-құлқын қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады және оларға әсер етеді. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың нақты жағдайлары, зерттеу нәтижелері мен олардың БАҚ көздерінде жариялануын ерекше атап өткен жөн. БАҚ-ның

балаларды қорлауға деген мұндай назары кейде балалар мен жастардың жағдайына қоғамдық, кәсіби және саяси ұстанымына оң әсер етеді. БАҚ-ның әсерін жетік түсіну және бұқаралық ақпарат құралдарын конструктивті түрде қалай пайдалану керектігін білу балалар, жастар және олардың отбасыларының мүдделерін қорғайтын институттар үшін маңызды болып табылады.

БАҚ, оның ішінде теледидар жастар арасында ерекше танымал. Теледидар арналарының көптігі таңдау кеңдігін туғызады. Қызығушылығы мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бағдарламалар мен жобалар жастардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына ықпал етеді. Covid-19 пандемиясының әлем елдерінде локдаун енгізіп, адамның бос уақытын өткізу таңдауын шектеуіне байланысты теледидардың ролі артты. «...егер ақпарат әр түрлі тарату құралдарымен көбейтілсе, онда, әрине, оны есте сақтау ықтималдығы және, мүмкін, кейінірек пайдалануы артады. Сондықтан, бұқаралық ақпарат құралдары өмірімізді бағдарлауға бейім мінез-құлық бейнелерін жасай алады» [3, 129 б.].

БАҚ пен адам құқығы арасындағы қатынас екіжақты ықпалдың бар болғанымен сипатталады. Бір жағынан заң әрқашан қоғамда БАҚ-тың жұмыс істеуі үшін қажетті шеңберді қалыптастырса, БАҚ елдегі заңдардың орындалуы мен негізгі мақсатына жетуін қадағалайды. Құқықты қорғау мен қажетті артықшылықтар беруге міндетті заң, жастардың көзқарасына тек жанама әсер ете алады. Ол әсерді күшейту үшін БАҚ пен ӘЖ арасында кең ауқымды насихатты үнемі жүргізіп отыру қажет.

Құқық пен міндеттер заң бетінде өте күрделі формада берілгендіктен, қарапайым адамдар түсінуге жеңіл құралдарды таңдайды. Ересек адамдар үшін ол жеке тәжірибе мен газет-журнал беттеріндегі ақпарат болса, жастар үшін БАҚ пен ӘЖ бірінші орында. «БАҚ-тың жеке тұлғаға жағымды әсері идеясы Я. Засурский, В. Иноземцев, А. Урсул, В. Ядов және т. б. еңбектерінде көрініс тапты. Зерттеушілер БАҚ-тың жоғары психологиялық-педагогикалық әлеуеті бар деген пікірде» [4, 125 б.].

Әлеуметтік желілер де БАҚ құралдары тектес жастар арасында қарқынды түрде қолданылып келеді. Олар жастар өмірінің ажырамас бөлігіне айналуға. Кейбір жасөспірімдер үшін әлеуметтік медиа ерекше құнды. Себебі олар жастардың қажеттіліктерін өтейтін артықшылықтарды ұсына алады. Мәселен, әлеуметтік желілер арқылы жастар географиялық тұрғыда алыс орналасқан аймақтағы құрбыларымен сөйлесе алады. Әлемнің түрлі аймақтарындағы жаңалықтардан хабардар болу арқылы салыстыру мүмкіндігіне ие болған жастар құқық пен оның қорғалу деңгейі туралы шынайы ақпаратпен танысады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек Қазақстан жастарының басым көпшілігі құқық бұзушылық пен қылмыс туралы ақпаратты БАҚ пен ӘЖ арқылы алады екен. Сондықтан, бұл коммуникация құралдары арқылы берілетін ақпараттың тәрбиелік маңыздылығына ерекше көңіл бөлу қажет. Онымен қоса құқықтық ақпараттың анықтығы, шынайылығы мен тәрбиелік ролі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда маңызды орын алады. Құқықтық мәдениеттің маңызды компоненті болып табылатын құқықтық сана да жастардың оқыған тыңдағанынан гөрі көргенінен, тәжірибесінен өткенінен қалыптасады.

Құқықтық сана – қоғамда қалыптасқан және жастардың елдегі құқық деңгейіне көзқарасын білдіретін ойлардың, пікірлердің және өзіндік тәжірибелердің жиынтығы. Құқықтық сана құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Құқықтық мәдениет жас тұлғаның елдегі заңның сақталуына қатысты көзқарасы ғана емес, ол оның осы заңды құрметтеуі. Біздің еліміз құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құру жолын таңдағандықтан болашақ жастарының құқықтық мәдениетін қалыптастыруға тырысады. Егер жастар өмір сүріп жатқан қоғамда жалпы тәрбие мен заңдылықтың деңгейі жоғары болса, онда әрине одан туындайтын жастардың құқықтық санасы да жоғары болады. Яғни, әлеуметтік орта заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалыптастыратын вакуум. Құқықтық мәдениеттің деңгейіне байланысты жас тұлға да қоғамда өзінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, қоғамның сұраныстарына жауабын анықтай алады.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда ақпараттың ролі зор болғандықтан, ол ақпараттың жастар қатарына әлеуметтік желілер мен БАҚ құралдары арқылы келетіндіктен олардағы контентті бақылап, негативті ой тудыратын құралдардың қызметіне тиым салу қажет. Республикада көрсетілуі тиіс 15 теларнаның контенті жастарды қызықтырмайды. Оның орнына ғаламтор желісі арқылы келетін коммерциялық арналар мен әлеуметтік желілілерге жазылған жастар батыстық немесе американдық контентке бейім. Сол себепті бұл арналардың бірқатарын шектеп бірқатарының алдына талап қою керек. Өз болашағымыздың санасын қорғау жолында мемлекет берік қадамдар жасауы қажет.

Әлеуметтік желілердің қазіргі қоғамның басты дерті болып табылатын сыбайлас жемқорлықпен күрестегі орны ерекше. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Әрине бұл міндет ұзақ стратегия мен тактиканы қажет етеді. Сондықтан жемқорлықпен күресті жастарды тәрбиелеуден бастау қажет.

БАҚ құралдары қазіргі уақытта көбіне жемқорларды ұстау фактілері туралы ақпаратты немесе пара алу кезеңдеріндегі бейнематериалдарды жариялаумен айналысады. БАҚ құралдары мен ӘЖ-лер жастардың бұл қауіп-қатерге қарсы берік ұстанымын қалыптастыратын басты құрал. Сыбайлас жемқорлықтың адам өмірі мен қоғам тағдырына тигізер әсері туралы әсерлі бейнероликтер жастардың жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда септігін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында мемлекеттік арналарда халықтық ағарту жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, жастардың арасында танымал болған әлеуметтік желілер де осындай роликтерді көрсетуге, жемқорлықтың алдын-алуға арналған ақпаратты орналастыруға дайын.

Дәстүрлі БАҚ-тардан басқа, ғаламтордағы әлеуметтік желілер сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үдерісінде елеулі және маңызды құралдарға айналды. Әлеуметтік желілердің бұл жердегі ұтымдылығы шекара мен кедергілерден азат болуы. Кез-келген нүктеден жер шарының басқа бір нүктесіне ақпаратты тасымалдауда әлеуметтік желілер алғашқы орында.

Әлеуметтік желінің тағы бір артықшылықтарының қатарында білім беру мен пайдалы тәжірибемен алмасуды атауға болады. Көптеген ірі ғылыми орталықтар мен кітапханалардың өздерінің әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Білім беру орталықтары да оқытуда маркетингтік механизмдерді ұтымды пайдалану үшін жастарға қызықты контентті әлеуметтік желіде ұсынады. Әлеуметтік желідегі ақпаратты дұрыс пайдаланудың арқасында жастардың білім толығып, мектептегі, университеттегі үлгерімі жақсарады. Мәселен, әлемге танымал Facebook әлеуметтік желісін қолданатын адамдардың 93,4%-ы жастар. Студенттердің көп бөлігі осы әлеуметтік желі мен оның қосымшасы болып табалатын Инстаграм желісін күніне 2,5 сағат уақытында қолданады.

Әлеуметтік желінің пайдасын арттырып, зиянын азайту үшін оны қолданудың тиімді алгоритімін қалыптастыру қажет. Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде отбасында кітап оқитын ата-ананың баласы да кітап оқуға құмар келеді. Сонымен бірге балаларды маңызды және пайдалы контентті оқуға үйрету және балаға бос уақыт беру арқылы қызығушылығын жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтанулық зерттеулер жүргізудің нәтижесінде әлеуметтік желілердің жеке тұлға көзқарасын қалыптастырудағы ролі мен Twitter, Facebook сияқты парақшалардың ақпараттық пайдалылығы анықталды. « Жастардың 70,6% әлеуметтік медианы жаңалықтар беттерін бақылау үшін пайдаланады, бұл әлеуметтік медиа жаңалықтар оқырмандарына/тұтынушыларына жаңалықтар парақтарын бақылауға және соңғы жаңалықтарды тікелей өз арналарында алуға мүмкіндік береді» [5, 130 б.].

Құқықтық сананың құқықтық әлеуметтенумен тығыз байланысы болашақ ұрпақтың ақпаратты іздестіру жолында микроорталарға жүгінуден байқалады. Отбасы мен қоғам мүшелері жастардың алғашқы құқықтары туралы ақпарат береді. Мәліметтердің толыққанды нұсқасын БАҚ құралдары арқылы алуға дағдыланған жастар ол құқықтар мен заңдардың орындалуы туралы жеке көзқарасқа ие болады.

### **Пікірталас.**

Қазіргі әлемде біз БАҚ пен ӘЖ-мен тікелей қатынаста боламыз. Олар біздің күнделікті өмірімізді басқарып, мінез-құлық, дағдыларымызды қалыптастырады. Телеарналардан хабар көру, ғаламтор арқылы ақпарат алмасу, төлемдер жасасу, тауарлар мен қызметтер алу үйреншікті нәрсе. Қазіргі жастар өмірінде ӘЖ маңыздылығын асыра бағалау қиын. БАҚ құралдарының жастарға әсері туылған сәтінен өмір бойы жалғасады. Бүгінгі тағда БАҚ пен ӘЖ адамды тәрбиелеу функциясын өз мойнына алып, қоғамға жаңа адамды әкелуде. Олардың оң және теріс әсері туралы ғылыми еңбектер мен сол БАҚ құралдарындағы мақалалар саны бұл мәселенің өзектілігін танытады.

БАҚ пен ӘЖ-дің пайдасы мен зиянын зерттеуде ғалымдар екі үдерісті бір-бірінен бөлмей қарастырады. Ондай әдістің маңыздылығы мен пайдасы зерттеу объектісі туралы нақты пікірді анықтауда. Байтерекова Л., Жилавская И.В., Сафиуллин Л.К., Камал А.М., Шынарбекова М.К., Киямова Л.У. тектес авторлар жастардың құқықтық санасына БАҚ және ӘЖ әсері туралы зерттеулер жүргізіп, мәселені шешуде өз үлестерін қосуда.

### **Қорытынды.**

БАҚ және ӘЖ өсіп келе жатқан маңыздылығы қоғамдық сананы қалыптастыруда негізгі құрал ретінде алғашқы орынды иеленуін дәлелдейді. Ақпараттық технологиялардың құқықтық насихат жүргізудегі ролі мемлекеттік билік тарапынан жеткілікті қолданылмайды. Сыбайлас жемқорлық индексінің 97 орнын иеленген Қазақстан Республикасында адам құқығы мен оған қатысты барлық шаралар жастардың назарында. Мектеп табалдырығынан құқық бұзушылық әрекеттермен осы БАҚ пен ӘЖ арқылы таныс болған жас буынның кәмілет жасына толған сәтінде қоғам мен мемлекет туралы тұрақты көзқарасы қалыптасады. Ол көзқарастың қандай болатындығы тек мемлекеттің ішкі саясатта

жүргізген шынайы реформаларына байланысты. БАҚ пен ӘЖ жұмысын цензурамен шектемей, олардың қызметіне тәрбиелік маңызы бар ақпараттарды және мағлұматтарды қосу қажет. Елдегі жемқорлықпен күрес мәселесін және әлеуметтік қолдау жұмыстарын қолға алған жағдайда ғана құқықтық сана өзгеріске ұшырайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>

2. Киямова, Л. У. Влияние СМИ на развитие мировоззрения молодежи / Л.У. Киямова // Актуальные проблемы филологии: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Пермь, октябрь 2012 г.). – Пермь: Меркурий, 2012. – С. 96-97. – URL: <https://moluch.ru/conf/phil/archive/28/2747/> (дата обращения: 11.07.2021).

3. Курбанов М. А. СМИ как необходимое условие формирования нравственно – правового сознания студентов *Международный научный журнал «Символ науки» №03-3/2017 ISSN 2410-700X.* – С. 129-130

4. Блясова И. Ю. Влияние средств массовой информации на формирование правосознания подростков *Человек: преступление и наказание. 2013. № 2 (81).* – С. 124-127

5. Kamal A.M., Shnarbekova M.K. *Designing youth consumption style in social media (Әлеуметтік медиада жастардың тұтыну стилінің қалыптасуы) / Психология және социология сериясы. No2 (73). 2020. – С.127-133.*

*References:*

1. *Zakon Respubliki Kazahstan ot 23 iyulya 1999 goda N 451 «O sredstvah massovoj informacii».* <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>

2. Kiyamova, L.U. *Vliyanie SMI na razvitie mirovozzreniya molodezhi / L.U. Kiyamova // Aktual'nye problemy filologii: materialy I Mezhdunar. nauch. - prakt.konf. nauch. konf. (g. Perm', oktyabr' 2012 g.). - Perm': Merkurij, 2012. – S. 96-97. - URL: https://moluch.ru/conf/phil/archive/28/2747 / (data obrashcheniya: 11.07.2021).*

3. Kurbanov, M. A. *SMI kak neobhodimoe uslovie formirovaniya npravstvenno-pravovogo obrazovaniya studentov Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Simvol nauki» №03-3/2017 ISSN 2410-700H. S. 129-130.*

4. Blyasova, I. YU. *Vliyanie sredstv massovoj informacii na formirovanie pravosoznatel'nogo potentsiala cheloveka: prestuplenie i nakazanie. 2013. № 2 (81).* – S. 124-127

5. Kamal, A.M., Shnarbekova, M.K. *Designing youth consumption style in social media (formirovanie stilya potrebleniya molodezhi v social'nyh setyah) / seriya Psihologiya i sociologiya. No2 (73). 2020. – S. 127-133.*